

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – ҚАЗАҚ ЕМЕС, ЖАЛПЫ ТҮРІКТІҢ АҚЫНЫ

Дастан Ширинбеков

Ташмухамедова Ильмира

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Қазақ тілі және әдебиеті
бағытының II курс студенті және тьюторы.

Email: dastanshirinbekov@gmail.com

Байзаков Жандос

Ғылыми жетекшісі:

АННОТАЦИЯ

Белгілі ақын, Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қазақ даласындағы жастардың білімін тереңдетуде орасан зор қызмет көрсеткен ұстаз, Абайтану саласының дамуында ат салысқан әдебиеттанушы, әрі қазақ, әрі түркі халықтарының бәріне ортақ мұра болған дарынды сөз шебері – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев.

Кілт сөздер: ақын, қайраткер, әдебиеттанушы, сөз шебері, классик, поэма, ағартушы-педагог.

ABSTRACT

A well – known poet, figure of the Alash movement, a prominent representative of Kazakh literature, a teacher who has provided great services in deepening the knowledge of young people in the Kazakh steppe, a literary critic who participated in the development of the field of Abay Studies, a talented Master of the word, who is a common heritage of both Kazakh and Turkic peoples-Magzhan Bekenovich Zhumabayev.

Keywords: poet, figure, literary critic, master of the word, classic, poem, educator-teacher.

“Мағжан – толық зерттелмеген, тұңғыш ақын. Еркіндікке, азаттыққа жаны құмар шайыр. Мағжан өз өлеңінің күдіретін халқына толық жеткізіп үлгере алмай, өмірден ерте кеткені, тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі жұрты үшін орны толмас қасірет”.

(Әли Акбаш)

М. Жұмабаев 1893 жылдың 25 маусымында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында ауқатты жанұяда дүниеге келеді. Оның атасы - Жұмабай қажы. Әкесі – Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гүлсім. Мағжан жастайынан білімге құштар, дарынды болып өсті. Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашып, кейіннен, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы №1 мешіт қасында жаңадан ашылған медреседе білім алды. Бұл медресе әйгілі татар зиялысы, мұсылмандар азаттығына белсенді ат салысқан күрескер – М. Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған болатын. Медреседе оқып жүрген сәттерінен-ақ өзінің зеректігі, әрі парасаттылығымен көзге түскен Мағжан, ол жерде қазақ, татар әдебиеттеріне қоса, Шығыс классиктері – Фирдауси, Науаи, Омар Хайям, Низами, Сағди секілді тағы басқа ақындардың жыр-дастандарымен танысып отырды. Сол жерде алған білімдерінің арқасында әдебиетке деген қызығушылығы артты.

1912 жылда Ибрагимовтің көмегімен Қазан қаласында өзінің алғашқы өлеңдер жинағын «Шолпан» атымен бастырып шығарды. “Садақ” журналының баспа жүзін көруінде белсенді ат салысқан Мағжан, онда өз өлеңдерінде бастырып отырды. 1913-1916 жылдарда Омбы қаласындағы мұғлімдер семинариясында оқып жүріп, «Бірлік» ұйымы жұмысына кеңіне араласады. «Балапан» қолжазба-журналының бастырылуында қатысады. Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы секілді алаш қайраткерлерімен етене араласып, «Қазақ» газетінде өзінің білікті өлеңдерін бастырып отырды.

Мағжан Жұмабаев кейінірек ұлт азаттық жұмыстарына белсенді қатысты. Сол уақыттағы орыстардың жүргізген «Білімсіздік» саясатына ылғы қарсы тұра алды. Тіпті, оны бас бостандығынан айырып, «Халық жауы» деген атаққа алынса да, халқының, ұлтының білімді де, азат өмір сүруі үшін бар ынтасымен күресті. Ары мен намысын ортаға қойып, қайсар қазақтың шынайы келбеті мен неше ғасырлардан бергі батырлық салтын өз бойында сақтап қала білген Мағжанның азаттыққа деген көзқарасын сөндіре алмағаннан соң, оны саясатшылдар өлім жазасына кесті. 1938 жылдың наурыз айының он тоғызыншы күнінде ату жазасымен бұл жарық дүниеден көз жұмды.

Мағжан – өзінің қысқа ғұмырында көптеген ғылыми мақалалар, адам көңілінде ерекше сезімдер оята алатын өлең-жырлар, проза жанырындағы өмірден алған ішкі қорытындыларымен қоса поэмаларын жазып қалдыра білген дарынды жазушы еді. Оның өлеңдерінде табиғаттың сұлулығы мен адам бойындағы әртүрлі көзқарастары да қатар жүріп, өмір сүрді. Оның алғашқы қалам ұстап жазған қалам алды туындысы болмыс – «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» атты туындысында да ол өзінің ержүректігі мен қазақтың бетке тұтар ақынын әдемі де, өнерлі етіп, шебер сөздермен баяндап бере алды. Оның

Бұл шығармасы қай жылы жарық көргендері жайлы мәліметтерді жоғарда айтып өттік. Ол жайлы қайта-қайта қайталай беру оқырманның қызығушылығын сөндіруі мүмкін. Сондықтанда, бұл жайлы артық сөз қозғамай өтеміз. Бұл өлеңінде Абайды «хакім» деп аталуыныңда ерекше маңызы зор болды. Абай өлеңдерімен жеке танысып шыққан Мағжан, оның өлеңдерінің тәрбиелік мәні де, табиғат пен адамның ішкі және сыртқы көрінісін әсем сөздермен суреттеуінде де ерекше сырды байқап, оның өлеңдерінің неше ғасырлар өтсе де, өз міні мен орнын жоғалтапайтынына көз жеткізген ақын, оны бір ғана «хакім» сөзімен терең түсінік бере алды.

Мағжан поэзиясының ең көлемді салаларының бірі – түркі тақырыбы болатын. Ол өз туындыларында түркі халықтарын бөліп жармай, оларды «бір атадан тарқаған бауырлар» деп білді. Бұл оның поэзиясының өркендеп, көптеген елдерге кең таралуында ерекше бір іргетас болып табылады. Ол өзінің «Түркістан» атты өлеңінде:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңірі берген несібі ғой», – деп жалынды сөздермен бастай отырып, барша түркі халықтарының бір-біріне деген сүйіспеншілігінің артуына негізгі арқау бола алды. Мағжанның Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған 1919-1923 жылдардағы түркі халықтарының азаттық соғысына арнап жазған «Алыстағы бауырыма» атты шығармасы ерекше бағаланды. Бұл өлеңі арқылы ол Мұстафа Кемалдан мыңдаған шақырым алыста жүрсе-дағы, оның ойы мен талпынысы, ары мен намысы әрқашан онымен бірге екендігін ашық-айқын жеткізіп бере алды. Барлық түркі халықтарының аса дарынды жыршысы бола білді. Оның бұл өлеңі 1930 жылда Мұстафа Шоқай бастырмасымен «Яш Түркістан» журналында жарияланып, оның бұл туындысы барша түркі халықтарының азаттық күресіндегі ең қымбатты, әрі ең пайдалы шығарма болып бағаланды.

Қорыта айтқанда: М. Жұмабаев – қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі болып саналады. Ол өзінің терең мәнді шығармаларымен тек қазақ халқына ғана емес, түркі халықтарының бәріне ортақ ақын бола алды. Мағжанның жазған туындылары қазақ әдебиетінің дамуында ерекше үлес қосты. Оның шығармалары түркі халықтарының арасында тез таралғандықтан, қазақ әдебиеті өсуі мен таралуында орасан зор қызмет көрсетті. Мағжан Жұмабаев – қазақ үшін ғана емес, барша түркі халықтары үшін асыл да, нар тұлға екенін естен шығармайық!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Қазақ энциклопедиясы, 4 том; Әдебиет: Аймауытов Ж., Мағжанның Жұмабаев ақындығы туралы. «Лениншіл жас» журналы, 1923.
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы. 1998.
4. «Мағжан Жұмабаев шығармалары», М.Жұмабаев. Алматы: «Жазушы». 2013.